Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Абай өлеңдеріндегі адами құндылықтар және ұлттық мінез көрінісі.

Абай Құнанбайұлы – барша қазақ елінің шамшырағы. Ол ұлы ақын, жазушы, аудармашы және ағартушы. Биыл 180 жасқа толып жатар еді. Оның „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", „Лай суға май бітпес қой өткенге", „Ғылым таппай мақтанба" сынды танымал өлеңдерінің маңызы зор. Абайдың осындай өлеңдерінде бір-қатар мәселелер көрініс табады.

Абайдың өлеңдерінде жиі көрініс табатын мәселелер – адами құндылықтар мен ұлттық мінез. Менің ойымша Абай құр бос, жалаң білімді насихаттамады. Ол күші қазақты аятатын, көзі ашық жастарды көбейту үшін біліммен қоса адами құндылықтарды да дәріптейді. Себебі Әл-Фараби атамыз айтқандай, „Тәрбиесіз алған білім – адамзаттың қас жауы" деген пікірді Абай атамыз да ұстанса керек. Осы адами құндылықтар мәселесі бірнеше өлеңдерінде көрініс тапқан. Мысалы, „Ғылым таппай мақтанба", „Лай суға май бітпес қой өткенге" және басқа да өлеңдерде. Нақтырақ айтсам, „Ғылым таппай мақтанба" өлеңінде Абай атамыз „Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол" дейді. „Бес нәрседен қашық бол" дегені: өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік пен құр босқа мал шашу. „Бес нәрсеге асық бол" дегені: талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақымшылдық. Осы арқылы адами құндылықтарды қазақ халқының санасына сіңіртіп, жақсылыққа үйретеді.

Осы өлеңдерде көрініс тапқан тағы бір мәселе – ұлттық мінез. Абай атамыз ұлттық мінезді суреттеу арқылы қазақтың болмысын ашады, кемшіліктерін суреттейді. „Лай суға май бітпес қой өткенге" өлеңі бұл пікірге айқын дәлел бола алады деп едім. Өлеңнің

ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ

атауының өзінде терең мағына жатыр. „Лай су" деп Абай атамыз надан адамдарды суреттеп тұр. Ал „Лай суға май бітпес қай өткенге" дегені, надан адамға қанша айтсаң да ұқпайды, оған білім қонбайды дегені. „Күлкілі қасқыр жалап дәметкенге,

Сол қасқырша алақтап түк таппадым,

Көңілдің жайлауынан ем кетпей бе?!" - дейді.

Бұл жолдарда Абай мәнсіз, мағынасыз заттарға көп көңіл бөліп, құр бос ойын - күлкімен уақыт өткізгенге мұз баламыз, бірақ одан еш пайда жоқ дейді. Мен одан түк таппадым дейді. Осы жолдар арқылы ол халқының жай - күйін суреттейді. Одан бөлек, халқына жаны ашып, жақсы менен жаманды айыра алмай жатырсың деп „Қалың елім, қазағым, қайран жұртым" деген өлеңін жазады. 10 сыныпқа арналған „Қазақ әдебиеті" оқулығында жазылған М. Әуезовтың пікірінше, „қайран жұртым" деген екі ауыз сөзге Абай қазағына деген бар махаббаты мен уайымын сыйдырып тұр. Мен де бұл пікірмен (келісп) келісемін. Осы өлең жолдары арқылы Абай атамыз халқының мінезін, болмысын ашып тұр деп білемін.

Қорытындылай келе айтарым, Абай Құнанбайұлының өлеңдерінің маңызы зор. Олар ұлттық мінез бен адами құндылықтарды ашып көрсетеді, тәрбиелік мәні зор. Сол арқылы халқымыздың рухани қазынасы болып табылады.